

Р 2008

711к

Убразум Нусинбаев

Mekmen
barwei

АЛМАТЫ «ӨНЕР» 1983



Шо́рагим Нуси́мбаев

Мектеп
барыс

АЛМАТЫ «ӨНЕР» 1983

Нүсіпбаев Ибрагим.

Н 89 Мектеп вальсі: Балаларға арналған әндер.— Алматы:
Өнер, 1983.—112 бет.

Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, балалар композиторы Ибрагим Нүсіпбаевтың «Мектеп вальсі» жинағына көпшілік арасына кең тараған әндері енгізіліп отыр. Композитор әндерінің негізгі арқауы — бүгінгі жас ұрпақтың ұлы көсеміміз В.И. Ленин өсиеттеріне адалдығы, Отанға, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі, білімге, еңбекке деген құштарлығы.

Жинақ жалпы өнер сүйген жас өркендерге, балалар бақшаларындағы бүлдіршіндерге, мектептер мен кәсіптік-техникалық училищелердегі көркемөнерпаздар коллективтеріне арналады.

БІЗ ЛЕНИН ҰЛАНЫ

Өлеңін жазған **Ғ.Қайырбеков**

Орташа екпінмен

tr

1. Жер а- жа- ры, ел ү- мі- ті,

ас- қар тау- дың қы- ра- ны.

mf

Ер қыз- да- ры, ер жі- гі- ті,

mf

біз Ле-нин-нің ұ-ла-ны. // біз Ле-нин-нің

ұ-ла-ны. // -ны.

Соңы

1. Жер ажары, ел үміті,
Асқар таудың қыраны.
Ер қыздары, ер жігіті,
Біз Лениннің ұланы. } 2 рет.
2. Туымызда коммунизм
Болашақтың жыр-әні.
Бақытты егер әлем жүзін
Біз Лениннің ұланы. } 2 рет

КҮН КҮЛЕДІ

Өлеңін жазған Қ.Толыбаев

Көңілді, көтеріңкі

2/4

mf

tr

1. Қыз-ғал-дақ-тар қыр-да тұ-нып, жай-қа-ла-ды

tr

ыр-ға-ты-лып. А-на-мыз-дай ме-йір-лі Күн

ай - ма - лай - ды шың - да тұ - рып.

Қайырмасы:

А - ла таң - нан о - я - на.

- мыз, күн - мен бір - ге қу - а - нып.

mf Біз а - уыл - ға о - ра - ла - мыз, құ - шақ - құ - шақ гүл а -

mf

Соңы

-лып. // гүл а-лып.

1. Қызғалдақтар қырда тұнып,
Жайкалады ырғатылып.
Анамыздай мейірлі Күн
Аймалайды шында тұрып.

Қайырмасы:

Ала таңнан оянамыз,
Күнмен бірге қуанып.
Біз ауылға ораламыз, } 2 рет
Құшак-құшак гүл алып.

2. Жалбыр шашы — гүл жібегі,
Жайнаң қағып Күн күледі.
Кешке дейін бізбен бірге,
Күлім қағып бір жүреді.

Қайырмасы.

3. Алау оты шоқтай жайнап,
Бетімізден өбеді.
Шапқылайды алақайлап,
Бізді жақсы көреді.

Қайырмасы.

ҚЫЗЫЛ ЖАЛАУ

Өлеңін жазған Ж.Смақов

Көңілді

1. Ба - ла, ба - ла,

ба - ла - пан, кө - не, қай - сы а - ла - қан?

Сау - сақ - та - рың әй - бат, бы - лай - бы - лай ой - нат.

mf

The musical score is written in 2/4 time with a key signature of one flat (B-flat). It consists of three systems. Each system includes a vocal line on a single staff and a piano accompaniment on two staves (treble and bass clef). The piano part features a steady eighth-note accompaniment in the right hand and a bass line in the left hand. The lyrics are in Kazakh and are placed below the vocal line.

Сау-сақ- та- рың әй- бат, бы- лай - бы- лай ой- нат.

1. Бала, бала, балапан,
 Қане, қайсы алақан?
 Саусақтарың әйбат, } 2 рет
 Былай-былай ойнат.
2. Күндей жайнап алаулар,
 Қолымызда жалау бар.
 Жалауымыз жайнап, } 2 рет
 Би билейміз ойнап.
3. Топ-топ, топ-топ басайық,
 Жалаудан күн жасайық.
 Жаса, жаса, жарқын күн, } 2 рет
 Жаса, жаса, алтын күн.

БЕЙБІТШЛІК САҚШЫСЫ

Өлеңін жазған Д.Қанатбаев

Асықпай, сабырлы

The first system of the musical score consists of three staves. The top staff is a vocal line in 2/4 time, starting with a whole rest. The middle staff is the piano accompaniment in 2/4 time, starting with a *mf* dynamic and a repeat sign. The bottom staff is the bass line in 2/4 time. The piano accompaniment includes a *rit.* marking in the second measure.

The second system of the musical score consists of three staves. The top staff is the vocal line in 2/4 time with the lyrics: "1. Бей- біт ел- дің сақ- шы- сы біз- дің әс- кер а- ға- мыз." The middle staff is the piano accompaniment in 2/4 time with a *a tempo* marking. The bottom staff is the bass line in 2/4 time.

The third system of the musical score consists of three staves. The top staff is the vocal line in 2/4 time with the lyrics: "Бей- біт- ші- лік ақ құ- сы ша- рық- тай- ды, қа- ра- ңыз!" The middle staff is the piano accompaniment in 2/4 time. The bottom staff is the bass line in 2/4 time.

Біз де әс-кер, біз де әс-кер бо-ла-мыз!

1. Бейбіт елдің сақшысы
Біздің әскер ағамыз.
Бейбітшілік ақ құсы
Шарықтайды, қараңыз!
Біз де әскер, біз де әскер боламыз.
2. Біз ұланы даланың,
Тудың түсі қырмызы.
Біздің әскер ағаның
Жарқырайды жұлдызы!
Біз де әскер, біз де әскер боламыз.
3. Жасасын деп нұрлы өлкем
Жұлдыздайын жанамыз.
Еркін өсіп күні ертең
Біз де әскер боламыз!
Біз де әскер, біз де әскер боламыз.

АЙНАЛАЙЫН, АҚ МАМАМ

Өлеңін жазған Ә.Табылдиев

Әндете нәзік сезіммен

The first system of the musical score consists of three staves. The top staff is a vocal line in 2/4 time, starting with a whole rest followed by a repeat sign. The middle staff is the right-hand piano accompaniment, starting with a piano (*p*) dynamic and a series of eighth notes. The bottom staff is the left-hand piano accompaniment, starting with a whole rest and then playing a simple bass line.

The second system of the musical score consists of three staves. The top staff is a vocal line in 2/4 time, starting with a whole rest followed by a series of eighth notes. The lyrics are: "1. Біз-д(і)ө-сі-ріп бап-та-ған, жақ-сы бол-сақ". The middle staff is the right-hand piano accompaniment, starting with a mezzo-forte (*mf*) dynamic and a series of eighth notes. The bottom staff is the left-hand piano accompaniment, starting with a mezzo-forte (*mf*) dynamic and a simple bass line.

The third system of the musical score consists of three staves. The top staff is a vocal line in 2/4 time, starting with a series of eighth notes. The lyrics are: "шат-тан-ған. Ал-ты-ным!-деп мақ-та-ған, ай-на-ла-йын,". The middle staff is the right-hand piano accompaniment, starting with a mezzo-forte (*mf*) dynamic and a series of eighth notes. The bottom staff is the left-hand piano accompaniment, starting with a mezzo-forte (*mf*) dynamic and a simple bass line.

ақ ма-мам! Ал-ты-ным!- деп мақ-та-ған, ай-на-ла-йын, ақ ма-мам!

1. Бізді өсіріп баптаған,
Жақсы болсақ шаттанған.
Алтыным!— деп мақтаған, } 2 рет
Айналайын, ақ мамам!
2. Түнде сергіп жатпаған,
Күндіз тыным таппаған.
Бізсіз тамақ татпаған, } 2 рет
Айналайын, ақ мамам!
3. Әр сөзіңді жаттағам,
Жүрегімде сақтағам.
Анашым деп мақтанам, } 2 рет
Айналайын, ақ мамам.

БЕСІК ЖЫРЫ

Өлеңін жазған Д.Қанатбаев

Орташа екпінмен

mf *simile*

1. Ер- те, ер- те, ер- те- де, та- лай - та- лай

өл- ке- де, ұйық- тай - ды)е- кен бө- бек- тер.

Қайырмасы:

о-ра-нып ап көр-пе-ге. Сен-сің -

ер-те-гім, сен-сің - ер-те-ңім.

Ар-қа сү-йер ө-ре-нім, қал-ғи қой-шы,

бе-бе-гім. Ай - ай, әй - әй,

бе - бе - гім.

1. Ерте, ерте, ертеде,
Талай-талай өлкеде,
Ұйықтайды екен бөбектер,
Оранып ақ көрпеге.

Қ а й ы р м а с ы :

Сенсің — ертегім,
Сенсің — ертеңім.
Арқа сүйер өренім,
Қалғи қойшы, бөбегім,
Ай-ай, әй-әй, бөбегім.

2. Жаба салып түндігін,
Маужырайды кең дала.
Бүлдіршінім, бүлбұлым,
Ояу жатсың сен ғана.

Қ а й ы р м а с ы .

ЖАРҚЫН ЗАМАН БӨБЕГІ

(Дуэт)

Өлеңін жазған Қ.Жұмағалиев

Көңілді

1. Таң а- та- ды а- рай-

- лап, күн кү- лім- деп ту- а-

- ды. Жа- ды- рай- ды

бар ай - мақ, жар - қы - рай - ды

шу - а - ғы, жар - қы - рай - ды

шу - а - ғы. Соңы

1. Таң атады арайлап,
Күн күлімдеп туады.
Жадырайды бар аймақ,
Жарқырайды шуағы. } 2 рет
2. Дала гүлін жинаған,
Жазып ерлік дастанды.
Аталарым сыйлаған,
Бізге ашық аспанды. } 2 рет.
3. Жарқын заман бөбегін,
Аялайды нұрлы таң.
Алтын бесік өз елім,
Туған өлкем Ұлы Отан. } 2 рет

БІЗ ОСЫЛАЙ ӨСЕМІЗ

Өлеңін жазған М.Әлімбаев

Көңілді

mf

p

1. Су- да жү- зіп ө- се-

-міз, қыр- да жү- ріп ө- се- міз.

Күн- ге қы- зып ө- се- міз, құм- да шы- жып

m Қайырмасы:

ө - се - міз. Та - лап - та - нып ө - се -

-міз, қа - нат - та - нып ө - се - міз.

Та - лап - та - нып, қа - нат - та - нып ө - се - міз.

1. Суда жүзіп өсеміз,
Қырды сүзіп өсеміз.
Күнге қызып өсеміз,
Құмда шыжып өсеміз.

Қайырмасы:

Талаптанып өсеміз,
Қанаттанып өсеміз, } 2 рет

2. Таулар көріп өсеміз,
Баулар егіп өсеміз.
Жеміс теріп өсеміз,
Жеңіскер боп өсеміз.

Қайырмасы.